Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

ХАТТАМА

Астана қаласы **№ 2** **19 ақпан 2026 жыл**

2026 жылғы 27 қаңтарда №16112746-1 мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша ашық конкурс тәсілімен ұйымдастырылған «Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша семинар және әртүрлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қызметтері» жөніндегі шағымды қарау арналған комиссияның отырысы.

Төраға
Вице-министр – **Ысқақов Қанат Жұмабайұлы;**
Хатшы
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментінің бас сарапшысы – **Шабанова Арайлым Қалымқызы;**
Қатысқандар:
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментінің директоры – **Мелдебеков Шыңғыс Қасқырбекұлы;**
Заң департаменті директорының м.а. – **Баймагамбетова Маржан Болатқызы;**
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаменті директорының орынбасары – **Егембердиев Дидар Қуандықұлы;**
Дін істері комитетінің төрағасы – **Хатиев Әнуар Нұрманұлы;**
Дін істері комитеті төрағасының орынбасары – **Раманқұлов Мақсат Аралбайұлы;**
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үйлестіру басқармасының басшысы – **Кенжеханов Ердәулет Бақытбекұлы.**

КҮН ТӘРТІБІ

2026 жылғы 16 ақпанда әлеуетті өнім беруші - «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінен (БСН 170440026605) шағым келіп түсті, онда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерге арналған ашық конкурсқа (№ 81930404, 81932965, 81932563, 81935343, 81935442, 81935011, 81935377, 81934753 лоттар) қатысушы бола отырып, №16112746-ОК1 қорытындылар туралы хаттамамен үзілді-кесілді келіспейтіні көрсетілген.

Ашық конкурс шеңберінде конкурстық комиссияның Потенциалды өнім берушінің өтінімін қабылдамау туралы қорытындысымен келіспеймін.

Комиссия шешімінде өтінім ҚР ҚМ 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 212-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, лектор Култаев С.П.-нің еңбек өтілін

растайтын құжат толық ұсынылмауына байланысты біліктілік талаптарына сәйкес емес деп танылғаны көрсетілген (еңбек кітапшасының 1-беті тіркелмеген).

Аталған шешім заңсыз және негізсіз деп есептеймін, себебі:

1. Біліктілік талаптары факті жүзінде орындалған

Конкурстық құжаттамада лектордың кемінде 2 жыл еңбек өтілі болуы талап етілген.

Ұсынылған еңбек кітапшасының беттерінде Култаев С.П.-нің тиісті саладағы еңбек қызметі, жұмысқа қабылданған күні және еңбек қызметінің кезеңдері көрсетілген.

Осы құжаттар 2 жылдық еңбек өтілін толық растайды.

Яғни, қатысушы біліктілік талаптарына нақты сәйкес келеді.

2. Еңбек кітапшасының 1-бетінің болмауы – формалды сипаттағы кемшілік Еңбек кітапшасының 1-беті қызметкердің жеке деректерін қамтиды және еңбек өтілін растайтын мән-жайларға әсер етпейді.

Өтілді растайтын негізгі беттер ұсынылған жағдайда, 1-беттің тіркелмеуі біліктілік талаптарының орындалмауы болып табылмайды.

3. Қағидалардың 212-тармағын дұрыс қолданбау

Қағидалардың 212-тармағының 1) тармақшасы қатысушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ғана қолданылуға тиіс.

Алайда бұл жағдайда:

• еңбек өтілі бар;

• өтіл құжатпен расталған;

• талап етілген 2 жыл толық қамтылған.

Сәйкессіздік фактісі жоқ.

Тек құжаттың толық скан-нұсқасы ұсынылмаған.

Бұл мән-жай материалдық сәйкессіздік болып табылмайды.

4. Мемлекеттік сатып алу қағидаттарын бұзу ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының негізгі қағидаттарына сәйкес, сатып алу процесі:

• адал бәсекелестік,

• тең мүмкіндіктер беру,

• объективті және әділ қарау негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Формалды техникалық кемшілікті біліктілік талаптарына нақты сәйкессіздік ретінде бағалау аталған қағидаттарға қайшы келеді және Потенциалды өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін шектейді.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Комиссия «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің шағымында көрсетілген уәждерді қарап, төмендегіні анықтады:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 212-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оның өтінімі қабылданбайды. Біліктілік талаптарына сәйкестік конкурстық құжаттамада көзделген құжаттармен толық көлемде расталуға тиіс.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес, лектордың кемінде 2 (екі) жыл еңбек өтілі тиісті құжаттармен расталуы қажет. Әлеуетті өнім беруші ұсынған С.П. Култаевтың еңбек кітапшасының көшірмесінде еңбек кітапшасының бірінші беті (қызметкердің жеке деректері көрсетілген және еңбек кітапшасының иесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бет) қоса тіркелмеген.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №929 бұйрығымен бекітілген Еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау қағидаларының 1-қосымшасындағы еңбек кітапшасының нысаны мен 2 тарауының 4 және 6 тармақтарына сәйкес қызметкер туралы мәліметтер *(тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, білімі, біліктілігі, мамандығы)* еңбек кітапшасының бірінші бетіне жазылады.

Сонымен қатар, аталған «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 5-бабында мемлекеттік сатып алудың негізгі қағидаттары ретінде адал бәсекелестік, әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру және рәсімдердің ашықтығы мен айқындығы бекітілген. Құжаттардың толық ұсынылмауы өзге қатысушыларға қарағанда артықшылық беруге жол бермейді және біліктілік талаптарының тиісті түрде расталмағанын білдіреді.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мелдебеков Шыңғыс Қасқырбекұлы _____

Егембердиев Дидар Қуандықұлы _____

Баймагамбетова Маржан Болатовна _____

Хатиев Әнуар Нұрманұлы _____

Раманқұлов Мақсат Аралбайұлы _____

Кенжеханов Ердәулет Бақытбекұлы _____

СӨЙЛЕДІ:

Шабанова Арайлым Қалымқызы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қағидалардың 592-тармағына сәйкес «Жаухар» ұлттық дәстүрді қолдау қоры» қоғамдық қорының шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Төраға **Қ. Ысқақов**

Хатшы **А. Шабанова**